Ұнатам күзді мен

Қарашы далаға,
Рені сары ала.
Пісті алма албырап,
Сарғайды бал құрақ
Аспанда қаптаған
Бұлт тыным таппаған
Жөңкіліп көшеді,
Суық жел еседі.
Алқаптан бидайды
Қоймаға ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатам күзді мен.





ОКЖ

**Қарағанды облысы**
**Ақтоғай ауданы**

Ақтоғай аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі КММ.


Телефон: 87103730479
Эл. почта: https://biblioteka-aktogai.gov.kz/


**Аудандық орталықтандырылған кітапхана.Библиография бөлімі.**



Жеңіс Қашқынов (1942-2005).
«Балалар әдебиетінің сезімтал ақыны»

**ЖЕҢІС РАХМЕТОЛЛАҰЛЫ ҚАШҚЫНОВ** (1942-2005)

Актоғай топырағынан жаралған дарынды дара тұлғалардың бірі,ақын.Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі1973ж.Каз Му-дің филология факультетін бітірген1964ж.1964-96ж «Лениншіл жас»газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, Баспасөз комитетінде редактор, Су ресурстары жөніндегі комитетте баспасөз хатшысы болып істеген.Негізінен бүлдіршіндерге арнап өлең, тақпақ, ертегі, аңыз,дастан–дар жазатын ақынның «Кешкі күн1967»,

“Тұлпар”1969,“Достар”1971, “Соқпақтар”1973 .Ж.Қашқыновтың 15-ке жуық поэзиялық кітаптардың авторы.

Актоғай ауданының құрметті азаматы.






*ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ақын Жеңіс Қашқыновтың туғанына 75 толуына арналған «Ерттеп міндім өлеңнің дүлділ атын» атты әдеби –сазды еске алу кешінен естелік. Кеш барысында ақынның Тағзым» жыр тұсауы кесілді.*

**Шығармалары**

- Кешкі күн. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1967;
- Тұлпар. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1969;
- Ленин ата. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1970;
- Достар. Өлеңдер, ертегілер. А:, «Жазушы», 1971;
- Қазыбек Нұржанов. Очерк. А., «Жазушы», 1972;
- Соқпақтар. Өлеңдер, балладалар. А., «Жазушы», 1975;
- Найзатас. Поэмалар, өлеңдер. А., «Жазушы», 1977;
- Дихан мерейі. Поэмалар, өлеңдер. А., «Жазушы», 1988;
- Қыраулы биіктік. Поэмалар, ертегілер, аңыздар. А., «Жалын», 1989;
- Ақжолтай Ағыбай батыр. Очерк. А., «Балауса», 1996;
- Алыптар мен арыстар. Өлеңдер мен дастандар. А., «Әуен», 2001;

Телефон: 87103730479
Эл. почта: https://biblioteka-